



Ақтөбе облысының 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуға субсидиялау көлемін бекіту туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 183 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 12 шілдеде № 8606-04 болып тіркелді

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 5-14) тармақшасына, "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 тіркелген) сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысының 2024 жылға арналған акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемі бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрілігі

А. Шахаров

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2024 жылғы 10 шілдедегі
№ 183 қаулысына қосымша

2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуға субсидиялау көлемі

№	Субсидиялау түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы, теңге
1.	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеуге арналған субсидиялар			
1.1	Албырт тұқымдас балықтар және олардың будандары		40	10 800 000,0

1.2	Тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандары	тонна	154	16 170 000,0
1.3	Бекіре тұқымдас балықтар және олардың будандары		4,5	1 282 500,0
1.4	Жайын тұқымдас балықтар және олардың будандары		4	831 600,0
2.	Балық өсіру материалдарын сатып алу бойынша шығыстарды өтеуге арналған субсидиялар			
2.1	Тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандарының шабағы (30 грамға дейін)	мың дана	300,0	4 500 000,0
2.2	Албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандарының ұрықтанған уылдырығы	мың дана	700,0	3 500 000,0
3.	Балық басын толықтыратын аналық балық үйірі сатып алу және оларды күтіп-ұстау бойынша шығыстарды өтеуге арналған субсидиялар			
3.1	Бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін	дана	333	10 000 000,0
4	Дәрілік препараттарды сатып алу бойынша шығыстарды өтеуге арналған субсидиялар			
4.1	Антибиотиктер және препараттар	тонна	70	350 000,0
Барлығы:				47 434 100,0